

«Б.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты» КеАҚ



«БЕКІТІЛДІ»

Ғылыми кеңес шешімімен

№1 хаттама, «27» тамыз 2024 жыл

Жазба жұмыстарын бөтен мәтінді пайдалануға тексеру ережелері

Арқалық, 2024 ж.

1. Осы Жазба жұмыстарын бөтен мәтінді пайдалануға тексеру ережелері (бұдан әрі - Ереже) жазба жұмыстарын орындау дербестігін және зияткерлік меншік құқықтарын сақтауды қамтамасыз ету мақсатында енгізіледі.

2. Ереже студенттердің дипломдық жұмыстарын, студенттер және профессор оқытушылар құрамының (бұдан әрі - ПОҚ) жарияланымдарын заңсыз бөтен мәтінді пайдалануға тексеру тәртібін айқындайды.

3. Ережеде мынадай анықтамалар пайдаланылады:

Плагиат - басқа тұлға идеяларының авторлығын қасақана иемдену және бөтен мәтінді алу көздерін көрсетпей-ақ өз атынан басқа тұлғаның мәтінін жариялау. Плагиат түрлері:

- бөтен мәтінді сөзбе-сөз баяндау;
- парафраза - алынған мәтіннің мазмұнын өзгертпестен сөздер мен сөз тіркестерін ауыстыра отырып, бөтен мәтінді ұсыну.

Бөтен мәтінді пайдалану - түпнұсқаға өзгертулер енгізбестен басқа автор мәтінінің бір бөлігін енгізу.

Дұрыс дәйексөз - мәтіннің үзіндісін авторын және жұмыстың атауын көрсетумен дәйексөз мақсатымен негізделген көлемде енгізу.

Қате дәйексөз - мәтіннің үзіндісін авторын және шығарманың атауын көрсетпей немесе дәйексөз мақсаты ақталмаған көлемде енгізу.

Жұмысты дербессіз орындау - қағаз немесе электрондық тасымалдағышта жарияланған бөтен мәтінді дереккөзге сілтеме жасамай немесе сілтемелер болған кезде, бірақ бөтен мәтінді қолдану көлемі мен сипаты жұмысты немесе оның қандай да бір бөлімдерін орындаудың дербестігіне күмән келтірген кезде пайдалану.

Мәтіннің өзіндік ерекшелігі - бірегей элементтер (сөздер, фразалар) санының барлық элементтерге қатынасы.

4. Міндетті түрде тексеруге жатады::

- студенттердің дипломдық жұмыстары (жобалары);
- оқу-әдістемелік басылымдар;
- жариялауға ұсынылған ғылыми жұмыстар, студенттер мен ПОҚ мақалалары.

5. Бөтен мәтіннің бар-жоғын тексеруге жатпайды:

- дәріс кешендері;
- тест тапсырмаларының жинақтары;
- есептер және жаттығулар жинақтары;
- зертханалық жұмыстар бойынша әдістемелік нұсқаулар жинақтары;
- электронды оқу басылымдары;
- презентациялық курстар;
- дербес монографиялар;
- бұрын жарияланған мақалалар жинақтары.

6. Плагиат білім алушының оқу тәртібін бұзуы ретінде, жазбаша жұмысты дербес орындамауы және оның теріс бағалануы немесе дипломдық жұмысты (жобаны) қорғауға жіберілмеуі, ПОҚ ғылыми, әдістемелік еңбегінің жарияланбауы үшін негіз ретінде қарастырылады.

7. ПОҚ-ның ғылыми, оқу-әдістемелік жұмыстары, студенттердің дипломдық және өзге де жазбаша жұмыстары олардың электрондық нұсқасымен қоса жазбаша өтінішпен (1-қосымша) академиялық бағдарламалар және әдістемелік жұмыс офисіне (бұдан әрі - АБЭЖО) жіберіледі.

8. Өтініштің немесе жұмыстың электрондық нұсқасының болмауы автоматты түрде дипломдық жұмысты (жобаны) алдын ала қорғауға және кейіннен қорғауға жібермеуге, студенттер мен ПОҚ-ның ғылыми еңбектерін жариялауға жібермеуге әкеп соғады.

9. Плагиатқа тексерілгеннен кейін дипломдық жұмысты (жобаны) көпшілік алдында қорғауға рұқсат беру қабылданған тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады, жазбаша жұмыстың плагиатқа тексерілуі туралы есеп басып шығарылады және АБЭЖО маманының қолы мен осы офистің мөрімен расталады. Есеп жұмыс мәтініне қосылады. Студенттердің қорытынды бағасын қою кезінде оң нәтижелер ескеріледі.

10. ПОҚ-ның ғылыми, оқу-әдістемелік жұмыстарына АБЭЖО маманының қолымен және осы офистің мөрімен расталған жұмысты плагиатқа тексеру туралы есеп қоса беріледі.

11. Институттың ПОҚ бөтен мәтінді пайдалануға тексерілу үшін ғылыми, оқу-әдістемелік еңбектерді беруге жауапты.

12. Студент ғылыми жетекшімен бірге бөтен мәтінді пайдалануға тексерілу үшін дипломдық жұмысты (жобаны) белгіленген мерзімде ұсынуға жауапты.

13. Дипломдық жұмысты (жобаны) тексеру нәтижелері алдын ала қорғауға ұсынылады және рецензентке және ББ жетекшісіне ұсынылатын жұмысқа тігіледі.

14. Осы Ережемен дипломдық жұмысты (жобаны) алдын ала қорғауға және кейіннен қорғауға немесе ғылыми еңбектерді жариялауға рұқсатты қарау кезінде түпнұсқалыққа қойылатын ең төменгі талаптар былайша белгіленеді:

- ПОҚ ғылыми, оқу-әдістемелік еңбектері үшін - 80%;
- студенттердің дипломдық, ғылыми жұмыстары үшін - 60%.

15. Түпнұсқалық көрсеткішінің неғұрлым төмен мәндері кезінде жазбаша жұмыс міндетті түрде қайта өңделуі және жұмыстың бұрын белгіленген тақырыбын сақтай отырып, плагиатқа қайта тексеруге ұсынылуы тиіс.

16. Екінші тексеруден кейін плагиат жойылмаған жағдайда, студент ағымдағы оқу жылында дипломдық жұмысты (жобаны) қорғауға жіберілмейді.

17. 40%-дан астам плагиат болған жағдайда, білім алушы ағымдағы жылы оқу жоспарын орындамаған болып есептеледі және институттан шығарылады.

18. Бағдарламалық бөлік пен техникалық құралдардың жұмыс істеуіне, жазбаша жұмыстардың деректер базасының сақталуына ақпараттық технология және бағдарламамен қамтамасыз ету орталығы жауапты.

19. Студенттер мен ПОҚ-ның жазбаша жұмыстарын бөтен мәтінді заңсыз пайдаланылуы бар-жоғын уақтылы тексеруге АБЭЖО жетекшісі жауапты.

20. ББ жетекшісі:

- ББ-ның әрбір студенті мен ПОҚ-ын осы Ережелермен таныстырылуына;
- студенттер мен ПОҚ жазбаша жұмыстарының тексеруге уақытылы ұсынылуына;
- плагиатқа тексеру туралы оң қорытындыны ескере отырып, жазбаша жұмыстарды қорғауға және жариялауға рұқсат берілуіне жауапты.

1 қосымша

(ББ атауы)
ББ жетекшісі

(ББ жетекшісінің аты-жөні)

тобының студенті

студенттің аты-жөні)

Өтініш

Мен,

білім беру бағдарламасының _____ курс студенті, менің алдын ала қорғауға ұсынылған
« _____ »
тақырыбындағы дипломдық жұмысымда плагиат элементтері жоқ екендігін мәлімдеймін. Баспа және электронды дереккөздер, сондай-ақ бұрын қорғалған ғылыми еңбектерге сілтемелер бар.

Мен қолданыстағы «Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтында жазба жұмыстарын бөтен мәтінді пайдалануға тексеру ережелері» негізінде көшіріп алудың /плагиаттың/ анықталуы дипломдық жұмысты қорғауға жібермеуге және институттан шығаруға дейінгі тәртіптік шараларды қолдануға негіз болып табылатындығымен таныстым.

Қолы
Күні

Танысу парағы

№	Т.А.Ө.	Қолы
1.	Мусынов М. А.	Мусынов
2.	Исмаилов С. Б.	Исмаилов
3.	Исмаилов А. С.	Исмаилов
4.	Токиев Т. С.	Токиев
5.	Исмаилов	Исмаилов
6.	Исмаилов А. Т.	Исмаилов
7.	Исмаилов С. Т.	Исмаилов
8.	Исмаилов А.	Исмаилов
9.	Исмаилов Б. А.	Исмаилов
10.	Исмаилов А. К.	Исмаилов
11.	Исмаилов А. К.	Исмаилов
12.	Исмаилов Т. Б.	Исмаилов
13.	Исмаилов А. А.	Исмаилов
14.	Исмаилов М. М.	Исмаилов
15.	Исмаилов М. О.	Исмаилов
16.	Исмаилов Т. Б.	Исмаилов